

**«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің 2022 жылғы 4 тоқсандағы атқарылған жұмысы туралы есебі**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 16-бабының 3-тармағына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелер айқындалады, олардың негізгі міндеті тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі - Қоғам) 2021 жылғы 9 сәуірдегі №2 шешімімен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілді.

2022 жылғы 13 маусымда Қоғамның Директорлар кеңесінің №3 шешімімен Қоғамның комплаенс-офицері лауазымына Е.А. Тө тағайындалды.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, Қоғамның Ережесіне және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның комплаенс-офицері 2022 жылғы 4 тоқсанда мынадай іс-шаралар өткізді:

1. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытының (бұдан әрі - №4 ТБН) жобасын іске асыру шеңберінде мынадай міндеттер:

- Қоғамның барлық қызметкерлерін Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру;

- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар болып табылатын Қоғамның барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы бойынша іске асырылды.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында Қоғамның жекелеген құрылымдық бөлімшелерінің ішкі нормативтік құжаттарына талдау жүргізілді.

3. Мына тақырыптарда онлайн дәрістер өткізілді:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау - мінез-құлық нормасы ретінде»;

- «Мүдделер қақтығысы – сыбайлас жемқорлықтың негізі».

4. Қоғамдағы мүдделер қақтығысын болдырмау және анықтау мақсатында Қоғам қызметкерлерінің және Қоғамға жұмысқа кандидаттардың дербес деректеріне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

5. Ай сайын және тоқсан сайын ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) келесі тапсырмалары бойынша ақпарат дайындалады және жіберіледі:

- 26.02.2022 ж. шығ. № 06-14/695 (кесте нысанындағы есеп, тоқсан сайын);

- 16.03.2022 ж. шығ. № 06-13/4448 (ішкі талдау есебі бойынша кесте нысанында, әр айдың 24-не);

- 30.03.2022 ж. № 06-14/980 (№ 4 ТББ жүзеге асырылуы туралы ақпарат, оның орындалуына қарай);

- 30.03.2022 ж. № 06-11/998 (№ 4 ТББ жүзеге асырылуы туралы ақпарат, әр айдың 30-на);

- 06.06.2022 жылғы шығ. № 06-13/1973 (нысан бойынша ақпарат, әр айдың 24-не).

6. Қоғамның Басқарма Төрағасының «Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» 10.01.2022 ж. №1 және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың кейбір мәселелері туралы» 05.07.2022 ж. № 39 бұйрықтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі әзірлеген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес 2022 жылғы 18 шілдеден 26 тамызға дейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - Талдау) жүргізілді.

Талдау нәтижелері бойынша Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және Қоғамның Басқарма Төрағасының 22.10.2022 жылғы №54 бұйрығымен бекітілді.

Талдау нәтижелері бойынша ақпарат Министрлікке 2022 жылғы 26 қазандағы шығыс № 3-1/18-4/926 хатымен жолданды.

7. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, Қоғамның Басқарма Төрағасының 28.12.2022 жылғы № 64 бұйрығымен бекітілді.

Қоғам қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға «нөлдік» төзімділік қағидатын қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ Қоғамның ресми сайтында Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпарат алу үшін (<https://kipd.kz/>) «сенім телефоны» бөлімінде қоғамның комплаенс-офицерінің байланыс ақпараты орналастырылған.

Есепті кезеңдегі жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің мазмұнын талдау нәтижелері бойынша Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## **Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі**